

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 996 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналымды қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау е р е ж е с і н д е :

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Республикалық бюджеттен берілетін субсидиялау сомасы Қарыз алушыға Банк беретін кредиттің пайыздық ставкасының 80%-ына дейін құрайды. Бұл ретте, кредиттің пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігінің үлесі барлық Қарыз алушылар үшін б і р д е й б о л у ы т и і с . "

5-тармақтың біріншіден оныншыға дейінгі абзацтары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"5. Пайыздық ставканы субсидиялауға арналған қаражатты Бағдарламаның әкімшісі Қарыз алушыға Банк беретін кредиттер бойынша мынадай кіші салалар (лоттар) б о й ы н ш а б ө л е д і :

1) е т ө н д е у ;

2) с ү т ө н д е у ;

3) тері шикізатын және жүн өңдеу;

4) жеміс-жидектерді, көкөністерді өңдеу және жеміс-көкөніс консервілерін, балаларға арналған тамақ өндіру;

5) майлы дақылдарды өңдеу және өсімдік майын өндіру.";

9-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі